

8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға бағытталған Саруаров Ерболат Ғалымжанұлының «Түркістан қаласы тұрғындарының жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бойынша қауіптілік көрсеткішіне байланысты өмір сүру сапасының бағалану деңгейі» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің
ПІКІРІ

Саруаров Ерболат Ғалымжанұлының диссертациялық жұмысы жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бар науқастардың өмір сүру сапасын SF-36 шкаласы арқылы бағалап, диабеттік статустың сыныптануына қарай байланысу ерекшелігін зерттеуге арналған. Бүгінгі таңда, заманауи денсаулық сақтау тәжірибесінде өмір сапасының деңгейін анықтауға көмектесетін сауалнамалар түрлерінің саны басым. Өмір сүру сапасын анықтайтын сауалнамалар құрылымына қарай профильді және индекстелген, сондай-ақ мамандану деңгейіне байланысты жалпы және арнайы сауалнамалар болып жіктеледі. Мұның ішінде, өмір сүру сапасының деңгейін анықтаушы жалпылай бейспецификалық сауалнама болып табылатын SF-36 сауалнамасының қазақ тіліндегі валидизациясы, жұмыстың ғылыми жаңалығы бойынша ерекшелігін айқындайды.

Алынған нәтижелерді мұқият статистикалық талдаудан кейін заманауи зерттеу әдістерін қолдану докторантқа белгілі заңдылықтарды ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген деректер қазақ популяциясына арналып бейімделген SF-36 сауалнамасын қолданудың сапасы, параллельді және дискриминанттық жарамдылығы, сенімділігі және ішкі сәйкестігі бойынша сенімділікті көрсетті, және оның сапасын өлшеудің жалғыз көмекші құралы ретінде ұсынуға болатындығын көрсетті. Сонымен қатар, қазақстандық популяциядағы жүрек-қан тамыр патологияларының қауіптілік деңгейін анықтауда SCORE, PROCAM және Framingham шкалаларының болжамдық мәндерінің статистикалық мәнділігі оң байланыстылықты анықталды. Аталмыш үш қауіптілік шкалаларының ішінде Framingham шкаласының AUC мәні сегіз жылдық зерттеулерден кейін жоғары динамика көрсетті. Сондай-ақ, зерттеу жұмысының бастапқы және соңғы кездерінде анықталған төмен және жоғары тәуекел топтары арасында күшті корреляциялық байланыс орын алып, және де жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары мен диабеттік статус бойынша жіктелетін предиабет және анықталмаған қант диабетіне қарай шоғырланатын қауіп факторларының топтары кластеризациялық талдамалар негізінде зерттеу барысында айқындалды.


Саруаров Е.Ғ.-ның диссертациялық жұмысының жоғары практикалық маңызы бар, өйткені алынған нәтижелер жүрек-қан тамырлары ауруларының өлімге әкелетін асқынуларының ерте алдын алу әдістерін тәжірибеге енгізу қажеттілігін негіздейді. Автор зерттеу жұмысының сөзсіз артықшылығы болып - жаңа ғылыми жұмыстар үшін жаңа мүмкіндіктерді ашуы жатады.

Зерттеу материалдарын докторант халықаралық конгресстер мен конференцияларда ұсынды, және олардың екеуі Scopus деректер базасына

енгізілген журналдарда жарияланған, бұл жүргізілген ғылыми зерттеу жаңалығын мойындаудың дәрежесін растайды.

Осылайша, Саруаров Ерболат Ғалымжанұлының «Түркістан қаласы тұрғындарының жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бойынша қауіптілік көрсеткішіне байланысты өмір сүру сапасының бағалану деңгейі» тақырыбындағы докторлық диссертациясы өзінің ғылыми жаңашылдығымен, тәжірибелік маңыздылығымен ерекшелініп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына жауап беретін, сондай-ақ 8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңеске ресми түрде қорғауға ұсынылатын аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Отандық ғылыми кеңесші,
м.ғ.к., қауымдастырылған профессор:



Г. Нускабаева